

# Тақырыптық - кеңестік бөлімнің жұмысы


Тақырыбы:

*Грамматика саласынан фонетика мен  
сөздердің лексикалық мағыналары*

**Үндестік заңы**



**Буын үндестігі**  
**Дыбыс үндестігі**



# Буын үндестігі

1. а) Егер сөздің алдыңғы буыны жуан болса,  
келесі буында жуан болады.

Жуан + жуан

ба + ла, қа + ғаз

ә) Жуан + жуан

бала+лар / ~~лер~~/, қағаз+ды

2. а) Егер сөздің алдыңғы буыны жіңішке болса,  
келесі буын да жіңішке болады.

Жіңішке + жіңішке

те + ре + зе, ең + бек

ә) Жіңішке + жіңішке

терезе + ге, еңбек + тің / тың /

**3. X әрпіне біткен сөздерге жалғанатын қосымша әр уақытта жуан болады.**

**... x + жуан**

**цех + та, цех + қа**

**4. Соңғы ог, уг, рк, на, нг, кс, кг, ск, лк, нкт, кль, брь, бль сияқты дыбыстар тіркесіне біткен сөздерге жалғанатын қосымша әр уақытта жіңішке болады**

**Ог + жіңішке , нкт + жіңішке**

**педагог + ті, пункт + ке**

# Ілгерінді ықпал

1. Дауысты + ұяң

Үнді + үнді

бала + ға

қол + ды

2. Ұяң + ұяң

қыз + дар

3. Қатаң + қатаң

Дос + тар

4. дауысты

ұяң

+ қ,к =

дауысты

ұяң

+ ғ,г

үнді

үнді

а) Біріккен сөздер аралығында:

Қара + көз = Қара + гөз

ә) Сөз тіркесі сыңарлары аралығында.

Күз келді = күз гелді

5. ш + с... = ...ш + ш

қашш +са = қашш +ша

6. қатаң + б... = қатаң + п

а) Біріккен сөздер аралығында:

Айтт + бай = Айтт + пай

ә) Сөз тіркесі сыңарлары аралығында:

Әкеп бер = әкеп пер

# Кейінді ықпал

1. а) Түбір мен қосымша аралығында:

**жүрек + і = жүрег + і**

ә) Сөз бен сөз аралығында:

**ақ + ешкі = ағ ешкі**

2. п + ып, іп = уып, уіп

**тап +ып = тау + ып**

3. н + /б,в,п/ = мб,мв, мп

а) Түбір мен қосымша аралығында:

**сен + беді = сем + беді**

ә) Сөз бен сөз аралығында:

**Бөген + бай = Бөгем + бай.**

4. н + қ,к,ғ,г = ң + қ,к,ғ,г

а) Түбір мен қосымша аралығында:

**сән + қой = сәң + қой**

ә) Сөз бен сөз аралығында:

**он ғасыр = оң ғасыр**

**5. з + с = с + с, с+ш = ш + ш, з +ш = ш+ш**

**а) Түбір мен қосымша аралығында.**

**жаз + са = жас + са, ас +шы = аш+шы,**

**жаз +шы = жаш+шы**

**ә) Сөз бен сөз аралығында.**

**Көз салу = көс салу**

**6. з + ж = ж + ж**

**а) Түбір мен қосымша аралығында.**

**Боз +жігіт = Бож + жігіт**

**ә) Сөз бен сөз аралығында.**

**жүз жыл = жүж жыл**



## Тоғыспалы ықпал

1.  $н + қ = ң + ғ$

Қазан + қап = Қазанң +ғап

$н + к = ң + г$

Есен + келді = Есең + гелді

2.  $с + ж = ш + ш$

Қос +жан = Қош +шан

# ҰБТ сынама нәтижелері бойынша қорытынды мен кепілдемелер бойынша атқарылатын жұмыстар:

- ✓ морфологиялық, синтаксистік құрылымын, стилистикалық ерекшеліктерін танып білу;
- ✓ тестілеуде жіберген қателерін талдау;
- ✓ түзету жұмыстарын жүргізу;
- ✓ оқушыларды саралап оқыту;
- ✓ оқушылардың тест тапсырмаларын орындауда жауапкершілікпен қарауға ынталандыру;
- ✓ оқушыларды ҰБТ-ға сапалы дайындауда оқытудың әдістері мен түрлерін кеңінен пайдалану;
- ✓ тақырыптық тест тапсырмалары бойынша жұмыс жүргізу